



С.Ж.Асфендияров атындағы  
Қазақ Ұлттық Медициналық Университеті

# Презентация

Тақырыбы:

**Жұқпалы аурулардың эпидемиологиясы.**

Тобы:	001-01
Факультет:	ҚДС
Курс:	3
Орындаған:	Әкім А.Ф
Қабылдаған:	Жақан Ж.Ж

## **Жоспар:**

- 1. Эпидемиология – медициналық ғылым.**
- 2. Эпидемиологияның пәндік маңызы, анықтамалары.**
- 3. Эпидемиологияның мақсаты мен міндеттері.**
- 4. Эпидемиологиялық әдістер.**

- 0 Эпидемиология термині (гр epi - ел іші+demos-халық-logos+ғылым) халық арасындағы құбылысты зерттейтін ғылым деген түсінікті білдіреді.
- 0 Эпидемиология – эпидемияның басталуы мен дамуын зерттейтін ілім.

Эпидемиология микробиология, гигиена, паразитология, иммунология, жұқпалы аурулар клиникасы, т.б жаратылыстану ғылымдарымен тығыз байланысты.

## Эпидемиология пәніне берілген әртүрлі анықтамалар:

- В.М Жданов: «Эпидемиология деген жұқпалы аурулар қоздырғыштарының адамзат қоғамындағы этиологиясы».
- «Эпидемиология - адамда жұқпалы аурулардың пайда болу механизмдерін зерттейтін ілім».
- «Эпидемиология - адамдар арасында жұқпалы аурулардың таралу жолдары туралы ілім».
- Эпидемиология - эпидемияның басталуы мен дамуын зерттейтін ілім».
- «Эпидемиология - адам қоғамындағы жұқпалы ауруларды пайда болу, таралу, даму заңдылықтарын зерттейтін және олардың алдын алу мен күресу шараларын іздестіретін ғылым».

Жұқпалы ауруларға күрес шаралары тәжірибелерінің қорытындысы ретінде Эпидемиология көне заманнан бері белгілі. Мыс , б.з.б 1000ж . Қытайда шешек ауруларына қарсы егу әдісі қолданылған , Үндістанда індетке қарсы санитарлық заң болған. Қазақ жерінде ғұлама ғалым , емші Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы шешек ауруларына қарсы вакцина егуді осыдан 500 жыл бұрын пайдаланған. Ал Шығыс Азия елдерінде алапес ауруларының жұқпалы екенін біліп, ондай науқастарды оқшаулап, арнайы алапес үйіне қамаған.

*Жұқпалы ауруларды тірі қоздырғыштар тудыратыны туралы алғаш рет Гиппократтың еңбектерінде айтылған. Қайта өркендеу дәуірінде жұқпалы аурулар туралы ғылым негіз қалыптаса бастады. Осы кезде Эпидемиологияның дамуына үлкен үлес қосқан италиялық ғалым Дж. Фракастро болды. Ол ауру тарататын микроорганизмдерді зерттеді. Ағылшын дәрігері Т. Сиденхем скарлатина, хорая, подагра. Т.б жұқпалы ауруларына алғаш сипаттама берді. Оны ағылшын Гиппократы деп атайды.*

18 ғ – да орыс дәрігері Д.С.Самойлович оба індетімен күресу тәжірибесі негізінде Ресейде Эпидемиологияның негізін салды. 19 ғ – дың екінші жартысында микробиологияда ашылған жаңалықтарға байланысты белгілі ғалымдар Л.Пастер, Р.Кох , И.И. Мечников , Д.И.Ивановский , Н.А.Семашко, Д.К. Заболотныйдың еңбектерінің нәтижесінде көптеген індеттердің микробтары табылды.

Қазақстанда 1925 жылы Қызылордада бактериологиялық лаборатория ашылды. 1940 жылы осы лабораторияның негізінде Алматы қаласында Эпидемиология және микробиология ғылыми зерттеу институты (қазіргі Гигиена және эпидемиология ғылыми – зерттеу орталығы) ашылып, республикада Эпидемиология саласындағы зерттеулер қолға алынды. Сондай – ақ Эпидемиология мәселелерімен Қазақ карантиндік және зооноздық инфекциялар ғылыми орталығы, республикадағы медициналық университеттер мен академиялардың кафедралары шұғылданады. Жедел өтетін ішек індеттері зерттеліп, оларға , т.б жұқпалы ауруларға ( шешек, күл, скарлатина) қарсы бактериялық препараттар шығарыла бастады, дизентерияның себептері мен эпидемиологиялық ерекшеліктері анықталды.



## *Эпидемиология пәні екі бөлімнен тұрады:*

- 1. Жалпы эпидемиология – жұқпалы аурулардың заңдылықтары мен олармен күресу, жою және олардың алдын алудағы теорияның, әдістемелік және ұйымдастыру негіздері туралы білімнің жиынтығын қамтиды.*
- 2. Жеке эпидемиология – белгілі бір жұқпалы ауруға тән ерекшеліктерді жан – жақты зерттейді.*

«Эпидемиология пәнінің зерттейтін объектісі болып эпидемиялық процесс саналады. “Тек эпидемиялық процесс және оған тиісті заңдылықтар ғана эпидемиологияның зерттейтін объектісі болады» деп осы ілімнің негізін салушы Л.В. Громашевский (1941) айтқан.

**Эпидемиология пәнінің зерттейтін бағыты - жұқпалы аурулардың жеке түрі, эпидемияның адам қоғамында пайда болуы, таралуы және тоқтауы.**

**Эпидемиологияның мақсаты** - халық арасындағы жұқпалы аурулардың пайда болуы мен таралу себептерін білу үшін эпидемиялық процестің теориялық және тәжірибелік жақтарын толық түсіндіру арқылы аурудан сақтану мен күресу шараларын дәлелдеп көрсету.

**Эпидемиологияның міндеті** - жұқпалы аурудың пайда болуын, дамуы мен реттелу механизмдерін зерттеу және аурудың алдын алу мен күресу әдістерін іздестіру және оларды іс жүзінде пайдалану.

**Эпидемиологиялық әдіс-** эпидемиялық процестің себеп-салдары байланысын анықтауда пайдаланылатын әдістемелік тәсілдер мен амалдардың жиынтығы: басқаша айтқанда, ол –жұқпалы аурулардың пайда болу себептерін, берілу, таралу механизмдерін анықтау және эпидемиологиялық жағдайды бағалауда қолданылатын әдістердің жиынтығы.

Бүкіл әлемдік Денсаулық сақтау Ұйымының ұсынысымен Қазақстан Республикасында қолданылатын жұқпалы аурулардың алдын алу, әрі жою мақсатындағы қазіргі жаңа принциптерді, қағидаларды, әрі эпидемиологиялық диагностика жүйесін, індетке қарсы қызмет көрсету жүйесін ұйымдастыруды, заң негіздерін және нұсқау-нормативтік құжаттамаларды, сонымен бірге оларды практикада қолдана білу керек:

- мемлекеттік санитариялық– эпидемиологиялық қадағалау органдарының есепке алу - есеп беру құжаттамаларын
- зертханалық диагностикада зерттелетін материалдарды іріктеу тәсілдері мен зерттеу әдістерін

- жұқпалы аурулар, соның ішінде аса қауіпті жұқпалы аурулар және карантиндік инфекциялар ошағында індетке қарсы шаралар жүргізуді;
- жұқпалы аурулардың иммунопрофилактикасын және оны өткізу әрі бақылау арқылы жүзеге асыруды; - статистикалық зерттеу әдістерін;
- эпидемиолог-дәрігердің басшылығымен тағамдық уланудың өршуін анықтауға қатысуды;
- бақылауға алынған нысандарда індетке қарсы режимді бақылау өткізуді;
- эпидемиолог-дәрігердің басшылығымен жұқпалы ауруларға эпидемиологиялық қадағалау және талдау (анализ) жасауды және оларды жүзеге асыра білуі керек.

## Пайдаланған әдебиет:

1. Инфекционные болезни и эпидемиология: учебник.
2. Покровский В.И. и др. – М., ГЭОТАР-Медиа, 2009. – 832 с. 2
3. Эпидемиология: учебное пособие. Власов В.В. – 2-е изд., – М., ГЭОТАР-Медиа, 2006. – 464 с.